



**"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына  
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 1 ақпандағы № 59 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына  
мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту  
министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 89-14) тармақшамен толықтырылсын:

"89-14) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп білім  
беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін  
нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов